

Ж. ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖ СТУДЕНТТЕРІНІҢ КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Отарбай А.Ж.,

Ж. Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледжі, Қазақстан

Annotation. In this report are given the notions such as “Who is a leader?”, “leader’s qualities” “Types of leaders”. Reading this report we can get advices on bringing-up of leaders, and the advices of John Maxwell “21 qualities of leader”. The author showed the types of works conducting with the youth for bringing-up leaders, and the results of this work which was done by the organization “Zhaik Youth” in the Pedagogical College after Zh. Dosmukhamedov.

«Күшті ұлт болу үшін алдымен ішкі бірлік, ұйымшылдық пен татулық қажет», – деп айтқан болатын. Ал сондай ұлтты алға жетелейтін білімді, патриот, еңбекшіл, өз салт- дәстүрін, мәдениетін, тілін, дінін, ділін құрметтейтін азамат нағыз көшбасшы болуға лайық.

Бүгінгі тақырыпты ашпас бұрын, ең алдымен «көшбасшы деген кім, ол қандай болу керек?» деген сұрақтарға жауап іздеп көрейік.

Көшбасшы(ағылшынша leader – басқарушы деген мағына білдіреді) – нақты формальды және формальды емес ұйымдағы бір адамның басқа адамға немесе топқа әсер ету арқылы басқарудың көрінісі.

Көшбасшы ұйымдағы адамдарға әлеуметтік, психологиялық, эмоционалдық тірек, қоршаған ортаға білі, моральдық құндылықтар беруш, қоғамдық өмірде, топта белсенді, авторитет мүшесі.

«Көшбасшы» термині 2 мағына береді:

Іс-әрекеттің жемісті болуына әсер ететін пайдал, айқын көрінетін қасиеттері бар индивид (топішілік қызығушылыққа ие). Мұндай көшбасшы еліктеуге болатындай үлгі, субъектіге психологиялық әсер береді. Өз тобының қызығушылықтарын біледі және солар үшін шешім қабылдай алады, бәрін ұйымдастыруға, ортақ мақсат үшін топты біріктіруге шебер адам. Бұл көшбасшылар топтың құндылықтарын қорғай алады.

Көшбасшы - топ мүшелерінің мінез - құлқына доминаттылық және бағындыруға қатысты негізінде әсер етеу процесі. Көшбасшылықтың мәні субъектілердің іс-әрекеттерді орындауға, өзімен бірге мақсатқа жету үшін көшбасшы мынадай мақсатқа бағытталған әсер ету керек, ол үшін көшбасшы мынадай билік командаларын қолданады:

Күштеу арқылы билік - іс-әрекетке адамның тілегіне қарамастан жазалаумен қорқыту арқылы күштеп араластыру, күштеу құралдары: ескерту, сөгу, қорқыту, жұмыстан босату, тағы басқа.

Әсер ету арқылы билік - көшбасшының беделді, адамдармен өзара әрекет жасау арқылы бағынушы адамдардың күшті билікті сезіну (көшбасшылар мен беделді тұлға).

Біліктілік билігі- көшбасшының кәсіби күшті әзірлігі бағынушылардың оның тұжырымдарымен билік феномені ретінде қабылдануына әсерін тигізеді.

Ақпараттық билік -көшбасшының нақты адамға ақпараттың жетуін қадағалау және сол арқылы оларды басқару.

Міндет орындауына байланысты билік - көшбасшының басқару орнына байланысты ұжымға тікелей әсер етеді.

Беделдік билік- бағынушыға көшбасшының биліктік өкілеттілігінсіз әсер етуі. Бағынушылар көшбасшыға кейде өз еріктерімен бағынуы.

Мадақтау билігі - бұл көшбасшы адамның қызметтік көтерілу, материалдық сыйлық беру, жақсы бағалау, мақтау тағы басқа арқылы әсер ете алатын адам.Бағынушылар арасында жақсы беделге ие, оның билігі жоғары көтерілуі мүмкін.

Көшбасшының функциялары:

Конструктивті функция. Бұл функция қоғамдағы барлық адамдардың қызығушылықтарын қанағаттандыруға бағытталған, бірақ басқа қоғамның қызығушылықтарына нұқсан келтірмеу керек.

Ұйымдастыру функциясы. Кадрларды басқару жүйесін қалыптастыр, жұмыстарды біріктірі, саяси процестер мен әрекеттерді жоспарлау. Мұнда көшбасшы бір жүйені қалыптастырады, міндеттерді бөледі, әрі қарай жүруі қадағаланады, тұлғааралық қарым-қатынасты реттейді, бәрін компромиске бағыттайды. Кадрларды басқару жүйесін қалыптастыр, жұмысшыларды біріктіру.

Координациялық функция. Топаралық әрекеттерді келістіру, бірігіп жұмыс атқаруға белсендендіру. Көшбасшы шешім қабылдайды, ортақ шешімге келтіруші, ортақ қоғамдық құндылық құрушы.

Интерактивті функция. Мұндай көшбасшы айналасына өз ойымен, мақсатымен ортақтас адамдарды біріктіреді.

Көшбасшының типтері:

Авторитар көшбасшы – барлық шешімді өзі қабылдайды, тіпті жұмыстың әдістерін де көрсетіп береді.

Демократ көшбасшы – шешім қабылдауға топты қатыстырады, олардың өзіне жұмыстың мақсаты мен әдісін таңдауды ұсынады.

Либерал көшбасшы – бағынушыға толықтай еркіндік береді, өзі тек сыртынан бақылайды, кеңесті тек сұрап келгенге ғана береді.

Көшбасшылықты 3 типке бөледі:

- Жетекші (Вожак)
- Көшбасшы
- Жағдайлық көшбасшы.

Көшбасшының практикалық ойлауының келесі өзіндік ерекшелігі басқару іс-әрекетінің мазмұнына және шарттарына байланысты. Мазмұны бойынша басқару күрделіліктің үлкен дәрежесімен және тікелей сезінуден жасырындылығымен, сондықтан да шешімін табу қиындығымен және интерпретацияның біркәнділігімен сипатталатын адамдар «әлеуметтік нысандар» туралы ақпаратты ойша атқаруды талап етеді

Көшбасшының ойлау үрдісіндегі айқынсыздығы бірқатар психологиялық себептердің, яғни ақпарат тапшылығының немесе тым артық болуының, оның күрделілік дәрежесінің жоғары болуына байланысты туындауы мүмкін.

Студенттердің көшбасшылық қабілеттілігі дегеніміз – ол басқару іс-әрекетіне деген жағымды мотивациясы негізінде басқару туралы білімдерін, тәжірибесін өз өмірі мен іс-әрекеті және қоршаған ортадағы құбылыстарды басқаруда қолдана алу қабілеттілігін сипаттайтын студент тұлғасының кіріктірілген қасиеті.

1. Студенттің көшбасшылық қабілетін, тұлғаны дамыту процесінің нәтижесі ретінде, өзін-өзі жетілдіруде, өз өмірі мен іс-әрекетінің субъектісі ретінде өзін-өзі қалыптастыруда, туындап отыратын мәселелер бойынша дербес шешімдерді қабылдауда, еліміздің әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси дамуына дербес, белсенді қатысуда басқару тәжірибесін табысты және тиімді жүзеге асыруға мүмкіншілігін сипаттайды.

2. Студенттердің көшбасшылық қабілетінің қалыптасуында, өзін-өзі басқару ұйымының маңыздылығы жоғары. Себебі, студенттердің өзін-өзі басқару ұйымы – ол студенттердің дербес, шынайы өзіндік бастамаларына, шығармашылық және өнімді іс-әрекетіне негізделген бірлестіктің жоғары ұйымдасқан түрі. Ал, студенттердің шығармашылық және өнімді іс-әрекеті, дербес, шынайы өзіндік бастамалары негізінде басқару іс-әрекетін жүзеге асыруы, студенттің көшбасшылық қабілеттілігі қалыптасуының маңызды және тиімді шарты болып табылады.

3. Колледждегі өзін-өзі басқару ұйымының іс-әрекетінде тұлғалық-бағдарлы тұрғыны жүзеге асыру, ұйымның іс-әрекет бағыттарын студенттердің қажеттіліктері мен қызығушылықтарын қанағаттандыруға бағытталатындай етіп құрастыруды талап етеді. Студенттердің қабілеттері мен даралығын анықтау және оны колледждегі өзін-өзі басқару ұйымының іс-әрекеті негізінде дамыту, тұлғалық-бағдарлы тұрғыны жүзеге асырудың маңызды аспектісі болып табылады.

4. Колледждегі өзін-өзі басқару ұйымының іс-әрекеті жүйесінде тренингтерді, іскерлік ойындарды, ұжымдық шығармашылық істерді, пікір-таластарды және жобалық іс-әрекетті ұйымдастыруды тәжірибелік-эксперименталдық жұмыс негізінде сынақтан өткізу, аталған формалардың студенттердің бойында көшбасшылық қабілетті қалыптастыруға тиімді жағдай жасайтынын көрсетті. Бұл жұмыс формалары студенттердің өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі іске асыруға деген ынталарын жетілдіруге, олардың әлеуметтік белсенділіктерін ұйымдастыруға, колледждегі қоғамдық ұйымдардың іс-әрекетін белсендіруге мүмкіншілік береді.

Студент жастардың бойында отансүйгіштік сезімдерді қалыптастыру кез келген мамандықтың оқу жұмыс жоспарында арнайы элективті пән ретінде қарастырылғаны жөн деп есептейміз. Ғылыми зерттеулерді оқып-зерделеп талдағанда және педагогикалық тәлім-тәрбиені ұйымдастырғанда студенттерді көшбасшылыққа тәрбиелеудің ғылыми теориясы өз алдына дербес проблема ретінде анықталғанын және ол үнемі зерттеп отыруды қажет ететіндігін көруге мүмкіндік берді.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев әрқашан жас буынға қолдау көрсетіп, болашақтарына сеніп келеді және әрдайым олардың биік белестерді бағындырып, асқар асулардан мүдірмей өтіп, көптеген жетістіктерге жетеріне үлкен сеніммен қарайды. Оған дәлел «XXI ғасыр – жас, қуатты, талантты, әлемнің, елдің және өз отбасының тағдыры үшін жауапкершілікті өз мойнына ала білетін жастардың ғасыры» деп айтқан аталы сөзі болды. Міне сол аталы сөз көште қалмағанының дәлелі Ж. Досмұхамедов атындағы педколледж қабырғасында өз белсенділіктерін танытып, көш бастап жаңа Қазақстанға жаңа көзқараспен адымдап келе жатқан студенттер саны жылма жыл артып келеді. Студенттердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру, шығармашылық қабілетін дамыту мен полимәдениетті тұлғаны қалыптастыру мақсатында колледжде 20 үйірме мен 5 клуб жұмыс жасайды.

Колледжде түрлі мерекелік шараларды соның ішінде адамгершілікке, патриоттыққа, саясат саласындағы шаралар тікелей колледж студенттерінің қатысуымен өткізіліп, олардың өнерлерін шыңдап әрі қарай дамып жетілулеріне бағыт-бағдар беріп келеді. Колледжімізде белсенді, көздерінде оты жанып тұрған, елінің нағыз патриоттары бар екені айдан – анық, осы белсенділерді шыңдау мақсатындағы жетекшілік ететін ұйымдардың қатарына 2009 жылы құрылған жаңа бастама жаңа педагогикалық отряд «Жайық жастары» жұмыс атқарып келеді, осы уақыт ішінде бұл отряд жастарының жеткен жетістіктері аз емес.

Жасақ көшбасшылары Ж. Амиргалиев, бүгінгі күнде Балдәурен Республикалық Оқу Сауықтыру орталықтың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқаруда, ал Ө. Хафиз, Р. Кадыров, И. Дүйсекешов, С. Саинова өздерінің шығармашылықтарын шыңдап белсенді аға ұйымдастырушы қызметін абыроймен атқарып жүр.

Сонымен қатар «Жайық жастары» педагогикалық жасағы жазғы сауықтыру лагерлерінде педагогикалық жасақ ұйымдастыру, студенттерді жұмыспен қамтуға, жергілікті жерлердегі балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын тиімді ұйымдастыруға көмектесу мақсатында жұмыстанады. «Еуразия», «Атамекен» жазғы сауықтыру лагері, «Ровесник», «Жалын» аула клубы, «Жас ұрпақ», «Достық», «Жас Өркен» қосымша білім беру орталықтарымен келісім-шарт жасалып жұмыстарын жақсы жүргізіп келеді.

Педагогикалық жасақ мүшелері Бурабайдағы «Балдәурен» РОСО өткен I республикалық слетке қатысып Республикалық педагогикалық жасақ жұмыстарымен іс-тәжірибе алмасты.

Қаладағы жоғарғы оқу орындары мен техникалық және кәсіптік оқу орындарының қатысуымен колледжде «Педагогикалық жасақтарды құру мақсаты мен алғышарттары» тақырыбында дөңгелек жоба өтті.

Дүниетанымды, адам мұқтажын елеу, өмірге жауапкершілігін қалыптастыру мақсатында «Жас дәурен» балалар кешенінде педотряд студенттері қайырымдылық акциясын өткізді. Мақсаты – студенттер мен балалар арасындағы байланысты орнату, балалардың қызығушылығын арттыру.

2011 жылғы мамырдың 4 мен 7 аралығында “Балдәурен” Республикалық оқу-сауықтыру орталығында өткен “Кәсіби педотряд–2011” атты педагогикалық отрядтарды тәлімгерлік

нұсқау бойынша оқытуға бағытталған республикалық семинар-практикумға қатысып, жасақ тәлімгерлері серификатар алды.

2012 жылы жасақ мүшелерін Республикалық педагогикалық жасақтар слетіне қатысты Слет Қостанай облысында «Сосновой бор» саяжайында өтті. 3 жылда бір өтетен Қазақстан Республикасындағы педагогикалық жасақтар жиыны осы жылы да өте жоғары деңгейде өтті. «Жайық жастары» жасағының мүшелері А. Махсутов, С. Саинова, И. Дүйсекешов, М. Нарынбаева және коледждің ЖҚБ жетекшісі Т.Т. Тамешов қатысып жасақ жұмыстарын соңғы үш жылда істелген жұмыстарының нәтижесін көрсетіп, басқа облысымыздың жасақтарының жұмысымен іс-тәжірибе алмасты. Жұмысымыздың нәтижесінде «Жайық жастары» жүлделі 2 орын алды.

Жасақта бүгінгі күні 150 студент жұмыстануда. Алдын ала құрылған жоспар бойынша түрлі танымдық шаралар жиі ұйымдастырылып тұрады. Жасақ көшбасшыларының бірі Н. Халесова бірінші курс студенттерін коледжіміздің ұстаздарымен жақын танысу, сырласу, ақыл кеңес алу мақсатында «Сырласу» бағдарламасын ұйымдастырып студенттерге қызықты шара түрінде ұйымдастырып жүр.

Тәуелсіз Қазақстанның басты жетістіктерінің бірі – жастарымыздың белсенді, озық ойлы, патриот, сауатты, салауатты болуы. Бүгінгі жастарымыз ұрпағы үшін жерұйықты іздеген ата-бабамыздың арманын жүзеге асырушылар болып отыр. Қазақстан жас мемлекет, сондықтан да оны гүлдендіру – жастардың еншісінде. Ел Көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаев айтпақшы – барлығы жастардың қолында. Тек солар ғана болашақты құрады. Бұл өзін патриотпын деп санайтын әрбір адамға байланысты. Ал, патриот болу деген нені білдіреді? Жастар үшін, бұл – өз жерінің тарихын білу, оған құрметпен қарау және білімге ұмтылыс, жетістікке қол жеткізу. Жастар келешегіміздің негізі ретінде өз білімімен, жасампаз еңбегімен және күш – жігерімен өз болашағын құрудың жаңа мүмкіндіктерін алу қажет. Ол ХХІ ғасырда Жаңа Қазақстанның – дамыған, бәсекеге қабілетті және әлемдегі сыйлы мемлекетті қалыптастыруды белсенді жалғастыруы қажет. Сонымен, қорыта айтқанда тұлғаның жан-жақты дамуына психологиялық білімді практикалық және теориялық дұрыс пайдалану қажет.

Біздің басты міндетіміз – студенттердің белсенділіктерін арттыру, олардан белсенді, көшбасшы тұлғаны қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық механизмдерін анықтау.

Студенттер бойында көшбасшылықты қалыптастыру тек қана шара, үйірме, клуб жұмыстарымен шектеліп қалмауы тиіс.

Біздің негізгі мақсатымыз ел ертеңі болып саналатын қоғамда ерекше орын алатын парасатты жастардың яғни еліміздің саналы, білімді мемлекет, қоғамда белсенділіктерін арттыру.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы. 2007. 3-тарау, 11-бап.
- 2 Бахишева С.М. Қазіргі мектепті басқарудың педагогикалық менеджменті. – Орал, 2007.
- 3 Ахтаева Н.С., Әбдіғапарова А.І., Бекбаева З.Н. Басқару психологиясы: оқу құралы: Басқару баспасы, 2009. – 250 б.
- 4 Леванова Е.А., А.Н.Соболеви. Игра в тренинге. – М., 2011.
- 5 Губашева С.Г., Отарбай А.Ж. Тәрбие жұмысының әдістемесі: оқу-әдістемелік құрал. – Астана: Фолиант, 2007.
- 6 Мұханбетжанова А.М. Интеграцияланған білімдік кеңістікте тұлғалық бағдарлы білім беру технологиясы. // Қазақстан жоғары мектебі. – 1999. – №4.
- 7 Менеджмент в образовании: учебное пособие. – Уральск, 2005.
- 8 Темірәлиева Г.Қ. Менеджмент психологиясы. – Орал, 2007.
- 9 Столяренко Л.Д., Самыгин С.И. Личность и группа: проблема лидерства и руководства: учебник. - Ростов н/Д: Феникс, 2009. – 292 с.
- 10 Парыгин Б.С. Социальная психология. – М., 1999, – 103 с.